

Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 806 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 769 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 769 (алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 қарашадағы Заңының 5-бабыныңб) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 15 шілдедегі
№ 806 қаулысымен
бекітілген

Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу қағидасы

1. Осы Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 қарашадағы Заңының 5-бабыныңб) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Қағида заңды және жеке тұлғалардың (бұдан әрі - өнім берушілердің) биотынды (биоэтанолды қоспағанда) өткізу (босату), қайтару, тасымалдау бойынша операцияларды жүргізу кезінде ілеспе жүкқұжаттарды (бұдан әрі - ІЖҚ) ресімдеу тәртібін белгілейді.

3. Биотынды (импортталатын биотынды тасымалдауды қоспағанда) өткізу (босату), қайтару, тасымалдау бойынша әрбір операцияны жүргізу кезінде өнім берушілер міндетті түрде осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІЖҚ ресімдейді.

4. ІЖҚ-ні өнім беруші ақпараттық жүйе (бұдан әрі - Бағдарлама) арқылы электронды түрде мемлекеттік немесе орыс тілінде ресімдейді.

5. ІЖҚ-да мынадай деректер көрсетіледі:

1) ІЖҚ нөмірі (Бағдарламада автоматты түрде беріледі);

2) ресімдеу күні (Бағдарламада автоматты түрде қойылады);

3) операция коды (Бағдарламаның анықтамалығынан таңдалады);

4) өнім берушінің салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТН) (жеке сәйкестендіру нөміріне (бұдан әрі - ЖСН) және бизнес сәйкестендіру нөміріне (бұдан әрі - БСН) толық көшкенге дейін міндетті деректеме);

5) өнім берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) және бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН) (ЖСН мен БСН-ге толық көшкенге дейін міндетті емес деректеме);

6) биоотын берушінің атауы, оның заңды мекенжайы және тиеп-жөнелту мекенжайы;

7) ІЖҚ-ын электрондық түрде тапсыратын өнім берушінің салық органының коды (Бағдарламаның көрсетілген тізімінен таңдалады);

8) өнім берушінің түрі (Бағдарламаның көрсетілген тізімінен таңдалады);

9) алушының СТН-ы;

10) алушының ЖСН/БСН-ы;

11) биоотын алушының атауы, оның заңды мекенжайы және тиеп-жөнелту мекенжайы;

12) ІЖҚ электрондық түрде тапсырылатын алушының салық органының коды (Бағдарламаның көрсетілген тізімінен таңдалады);

13) шарттың нөмірі, күні;

14) көлік түрі: автомобиль; темір жол; әуе; теңіз немесе ішкі су; құбыр жолдары (көлік түрі таңдалады):

тасымалдаушы туралы мәліметтерде биоотынды тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға туралы деректер көрсетіледі (өнім беруші енгізеді);

автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде көлік құралы туралы мәліметтерде көлік құралының маркасы, мемлекеттік нөмірі, (өнім беруші енгізеді);

экспедитор, жүргізуші туралы мәліметтер (өнім беруші енгізеді);

15) өткізілетін (тиеп-жөнелтілетін) биоотынның жалпы мөлшері (тоннада көрсетіледі);

16) биоотын маркасы;

17) жеке сәйкестендіру нөмірі - коды (бұдан әрі - ЖСН-коды) (Бағдарламаның ЖСН-кодтарының анықтамалығынан таңдалады);

18) ыдыстың сыйымдылығы (тоннада);

19) ыдыстың саны (данада);

20) биоотынның мөлшерінің жиыны (тоннада);

21) өнімнің құны (теңгеде);

22) биоотын қайтарылған кезде тиісті бағанда өткізу кезінде өнім беруші берген ІЖҚ нөмірі толтырылады (биоотын қайратылған жағдайда ғана толтырылады);

"Жүргізуші" бағаны тек қағаз жеткізгіште толтырылады.

6. ІЖҚ уәкілетті органның серверіне жіберілгеннен кейін қағаз жеткізгіште екі данада басып шығарылады, болған кезде басшы, бухгалтер кол қояды, сондай-ақ өнім берушінің мөрімен куәландырылады (болған жағдайда жеке кәсіпкерлер үшін). ІЖҚ бір данасы биоотынды берушіде қалады, екінші данасы көлік құралы арқылы алушыға беріледі.

7. Биоотын алушылар ІЖҚ-да көрсетілген деректерге сәйкес оны алғанын электронды түрде растайды не биоотынды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде алушының мөрімен куәландырылған ІЖҚ көшірмесін тапсырады. Биоотынның экспорты кезінде Бағдарламада алушылардың ІЖҚ-ға сәйкес биоотынды алғанын растауы талап етілмейді, алушының деректерін өнім беруші енгізеді.

8. Биоотынның импорты кезінде алушы ІЖҚ-ны ресімдемейді.

9. Осы Қағиданың 5-тармағында белгіленген қате және (немесе) дұрыс емес деректер көрсетіле отырып, ресімделген ІЖҚ-ны осындай ІЖҚ ресімделген күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде өнім беруші жоюы тиіс.

10. Осы Қағиданың 9-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін ІЖҚ-нің жойылуын Бағдарлама автоматты түрде жауып тастайды.

11. ІЖҚ есебі Бағдарламаның ІЖҚ тізілімінде жүргізіледі.

12. Қағаз жеткізгіштегі ІЖҚ өнім берушілер мен алушыларда бес жыл бойы сақталады.

13. Өнім беруші (алушы) заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде қайта ұйымдастырылған тұлға үшін ІЖҚ-ны сақтау міндеттемесі оның құқықтық мирасқорына (мирасқорларына) жүктеледі.

Ілеспе жүкқұжаттарды
ресімдеу қағидасына
қосымша

Нысан

№ ілеспе жүкқұжат	
Ресімделген күні: _____	
Жеткізушінің СТН-і _____	Операция коды _____
Жеткізушінің ЖСН/БСН-і* _____	Алушының СТН-і _____
Жеткізушінің атауы, заңды мекен-жайы және тиіп-жөнелту мекен	Алушының ЖСН/БСН-і* _____
	Алушының атауы, заңды мекен жайы және тиіп-жөнелту мекен жайы _____

жайы _____


Өнім берушінің салық органының коды: _____

Алушының салық органының коды: _____

Өнім берушінің түрі _____

Шарттың (шартқа қосымшаның) нөмірі _____ Шарттың күні 2011 ж. " _ " _____

Көлік түрі:



Авто



ГЖ



Әуе



Т е ң і з

н е м е с е

і ш к і

с у

Тасымалдаушы туралы мәлімет _____

Көлік құралы туралы мәлімет _____

Экспедитор туралы мәлімет _____

Өткізілетін(тиеп-жөнелтетін) биоотынның мөлшері. Барлығы: _____

(тонна)

№	Марка	ЖСН-коды	Ыдыстың сыйымдылығы (тоннада)	Ыдыстың саны	Барлығы тонна саны	Өнімнің құны (теңге)	Жеткізуші жазып берген ІЖҚ нөмірі (биоотын қайтарылған жағдайда)

Барлығы: _____ жол

Басшының Т.А.Ә: _____

қолы

М.О.

Бухгалтердің Т.А.Ә.: _____

қолы

Тасымалдаушы: _____

(Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе паспортының қолы сериясы, нөмірі мен күні)

- 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап толтырылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ